

ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары, жаз мезгілі кезінде велосипед көлігін ұрлау оқиғасы жиі қайталанатын. Қылмыстық қолсұғушылықтың құрбаны болу оңай, алайда келтірілген шығынның орнын толтыру оңай емес. Өз мүлкіңізге немқұрайлық танытып, оған ұқыпты қарамау материалдық шығынға алып келеді.



ЗАҢ МЕН ТӨРТИП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Осыған орай мынадай пайдалы кеңестер ұсынылады:

- бірден-бір тиімді тәсілдің бірі - велосипедті аулада, дүкен алдында немесе ойын алаңдарында қараусыз қалдырмау;
- велосипед тұрғын үйдің кіреберісінде және көпшілік орындарда қалдырмай, мүмкіндігінше үйге алып кетіңіз; себебі көп жағдайда қаскүнемдер велосипед құлыптары бұзу арқылы қылмыстық ойын жүзеге асырады;
- велосипедті белгілі уақытқа қараусыз қалдырған күннің өзінде құлыптауыш құрылғысының сапасына мән беріңіз, себебі жұқа әрі сапасыз құлыпты бұзу оңайға соғады;
- велосипедті мүмкіндігінше дөңгелегінен немесе шанағынан құлыптау қажет;
- велосипедті қараусыз қалдырған жағдайда, тез шешілетін қосалқы бөлшектерін (жел үрлегіш, жарықшам, басқа да аксессуарлар) шешіп алыңыз, мүмкін болса отырғышын, себебі қосалқы бөлшексіз велосипедтер қаскүнемдерді қызықтыра қоймайды;

- бар болған жағдайда, мүмкіндігінше велосипедті камералық бейнебақылау құрылғысы бар аумаққа қалдырыңыз.

Велосипед ұрланған жағдайда, полиция қызметкерлерінің күшін тиімді, жедел пайдалану мақсатында төмендегі бірнеше қағидаларды есте сақтаған жөн:

- дереу 102 нөмірі арқылы полицияға қоңырау соғып, қоңырауды қабылдаған операторға қылмыстың мән-жайын, ұрланған велосипед туралы ақпарат беріңіз (түсі, маркасы, ерекше білгілері т.б.);
- ұрланған велосипедіңізді өз күшіңізбен тауып алған жағдайда, уақытын, көрген жеріңіз немесе қазіргі тұрған жері туралы тез арада полицияға хабар беріңіз;
- қолданыстағы велосипедтердің тиісті құжаттары болмаса, сатып алмаңыз, себебі, ондай жағдайда сіз ұрланған велосипедтің иесі болып шығуыңыз мүмкін.

Есіңізде болсын, қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау – жеке мүлкіңіздің сақталуының кепілі!

**Ақтөбе облысы
Полиция
департаментінің
Криминалдық
полиция басқармасы.**

«СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылы 19 маусым күні сағат 10.00-де Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кеңияқ а.о., Кеңияқ ауылы, Мәдениет үйі, Парковая 9 «Б» мекенжайы бойынша «Кеңияқ-тұзусті кен орны №№100, 193, 205, 2971, 2990, 65039, 195, 206, 1249, С-1 ұңғымаларын ликвидациялауға арналған топтық техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашысы:
«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй. Байланыстар: тел: +7 (7132) 766-469; эл. пошта: nii.cnpc-amg@mail.ru.

Өзірлеуші: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ҒЗИ, Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы, 3-үй, тел.: 8 (7132) 766-469; эл. пошта: nii.cnpc-amg@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі, қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында ұсынылады.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:
<https://us05web.zoom.us/j/81480792351?pwd=Dxj4BlyB5wAnFKw4QMhYfRwTBwPR.1>

Конференция идентификаторы: 814 8079 2351

Кіру коды: M7Mk5X

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Ақтөбе қаласы, 312- атқыштар дивизиясы, 3-үй, эл. пошта: nii.cnpc-amg@mail.ru. және +7 (7132) 766-469 телефоны бойынша алуға болады.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 12 наурыздағы шешіміне сәйкес, «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Парыз» Ақтөбе қоғамдық қорының қазақ тілінде шығарған «Әбілқайыр хан: қолбасшы, саясаткер» туынды шығармасы (И.В.Ерофееваның «Хан Абул-хаир: полководец, правитель, политик» монографиясы негізінде) заңсыз деп танылды.

Сот авторлық құқық иелері - «Дайк-Пресс» ЖШС мен «Әбілқайыр хан халықаралық қоры» қоғамдық қорының авторлық құқығы бұзылғандығын анықтады.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ
САЙТЫМЫЗДА
ОҚЫҢЫЗ
www.aktobegazeti.kz

«Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Ақтөбе «Qatqog» денсаулық сақтау кәсіподақ» қоғамдық бірлестігі, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесі, «Ақтөбе облыстық дәрігерлер мен провизорлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі, Ақтөбе облысының санитарлық эпидемиологиялық қадағалау қызметінің ардагері

Нұрсұлу Алтынбекқызы БЕРКІМБАЕВАНЫҢ
дүниеден озуына байланысты отбасына, балаларына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Шәріп АДАЕВ

Білім беру саласына ғұмырын арнап, саналы өмірін ұрпақ тәрбиесіне жұмсаған ұлағатты ұстаз, білікті басшы, қоғам қайраткері Шәріп Адаев өмірден өтті.

Шәріп Ишанұлы 1950 жылы 5 наурызда Байғанин ауданы Қызылбұлақ ауылдық округіне қарасты Жаңатаң елді мекенінде дүниеге келген. 1956 жылы Қарабұлақ мектебінің бастауыш сыныбына қабылданып, 1966 жылы Комсомолдың 30 жылдығы атындағы орта мектепті аяқтады. Сол жылы Гурьев (қазіргі Атырау) мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, жоғары білім алды.

Еңбек жолын 1970 жылы Комсомолдың 30 жылдығы атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып бастады. 1986 жылы осы мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1992 жылы Батыс Қазақстан теміржолына қарасты Қарауылкелді станциясындағы №61 теміржол негізгі мектебінің директоры болып тағайындалды. Кейін №3 Қарауылкелді орта мектебін 18 жыл басқарып, білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Шәріп Ишанұлы осы жылдар ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен (2001), «Қазақстан Республикасының Конституциясына — 10 жыл» медалымен (2003), «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2008) марапатталды.

Сонымен қатар ол аудандық өлкетанушылар қоғамдық ұйымының мүшесі, аудандық білім бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Қалқа апаймен бірге тәрбиелі ұл-қыз өсіріп, ағайын-туысқа сыйлы отбасы болды.

2010 жылы аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінде әдіскер қызметін атқарып, жас педагогтарға бағыт-бағдар берді. 2013 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты.

Шәріп Ишанұлының жарқын бейнесі, ұстаздығы мен елге сіңірген еңбегі оны білетіндердің есінде ұзақ уақыт сақталады.

Облыстық білім басқармасы.

Облыстық мәслихаттың депутаттары мен аппараты, Ақтөбе облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің экс-басшысы **Нұрсұлу Алтынбекқызы БЕРКІМБАЕВАНЫҢ** қайтыс болуына орай жақындары мен туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Облыстық мәслихаттың депутаттары мен аппараты, Ақтөбе облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің экс-басшысы **Нұрсұлу Алтынбекқызы БЕРКІМБАЕВАНЫҢ** қайтыс болуына орай жақындары мен туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Ақтөбе «Qatqog» денсаулық сақтау кәсіподақ» қоғамдық бірлестігі, Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесі, «Ақтөбе облыстық дәрігерлер мен провизорлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облысы полиция департаментінің емханасы бар госпиталі бастығының орынбасары Қаракеев Серікжан Абатайұлына ұлы **Қуанышбек СЕРІКЖАНОВТИҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, балаларына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:
90-71-55
aktobesmi@mail.ru**

Ақтөбе
Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС
**ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ ГАЗЕТ**
Газет 1974 жылы
«Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған
Директор
Раукен **ОТЫНШИН**
Директордың орынбасары
Айгүл **НҰРКЕЕВА**
Бас редактор
Сәтжан **ДӘРІБАЙ**

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА
Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН
Жауапты хатшы
Динара САНГУЛОВА
АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА
Тілшілер
Мейрамгүл САТАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**
Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ
Тілшілер
Кәмшат ҚОПАЕВА,
Айдана АЛТЫБАЕВА
**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
САЛА БӨЛІМІ:**
Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ
Тілшілер Индира ӨТЕМИС,
Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ
Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА,
Әсел НОГУМАНОВА
Теруші
Гүлмара АЙНАЗАРОВА
Корректор
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА
Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67
Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жазылым сапасы жөнінде баспахананың телефонына хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ө.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,
Тілеу батыр көшесі, 10.
Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aktobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru
Аптасына 2 рет шығады.
Таралымы 12288 Тапсырыс №676
Нөмірдің кезекші редакторы
Данагүл Қазихан